

САПА САЛАСЫНЫҢ МАҚСАТТАРЫ

2025 жыл 4 тамыз

Алматы қ.

ЦЕЛИ В ОБЛАСТИ КАЧЕСТВА

№ ТЖКСБ/ОМ-03-25

г. Алматы

Тәрбие жұмысы және жастар саясаты бөлімінің 2025-2026 оқу жылына арналған сапа саласындағы мақсаттары

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы РММ-нің (бұдан әрі – Консерватория) тәрбие жұмысы және жастар саясаты бөлімінің 2025–2026 оқу жылына арналған сапа саласындағы мақсаттары жастар саясатын жүзеге асыруға, тәрбие жұмысының тиімділігін арттыруға және Консерваторияның даму стратегиясы міндеттерін орындауға бағытталған. Осыған байланысты төмендегі сапа саласындағы мақсаттар белгіленеді:

1. Консерваториядағы тәрбие жұмысы мен жастар саясатын жүйелі түрде жоспарлау, үйлестіру және іске асыруды қамтамасыз ету.

2. Студенттерде азаматтық, патриоттық сезімді, әлеуметтік жауапкершілікті және рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру.

3. Студенттік бастамаларға, волонтерлік қызметке және студенттік өзін-өзі басқару органдарына қолдау көрсету және дамыту.

4. Құқық бұзушылықтардың, әлеуметтік ауытқулардың алдын алу және салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша кешенді іс-шаралар өткізу.

5. Белгіленген талаптарға сәйкес студенттер контингенті бойынша құжаттаманы, деректер базасын және есептік жазбаларды жүргізу және жанарту.

6. Тәрбие жұмысы мәселелері бойынша мемлекеттік органдармен, білім, мәдениет, спорт мекемелерімен және басқа да ұйымдармен өзара әрекеттесу.

7. Факультеттер мен Консерватория деңгейінде әлеуметтік-тәрбие жұмысына талдау жасау және бақылау жүргізу.

8. Студенттік ұжымдардың қалалық, республикалық және халықаралық іс-шараларға қатысуын қамтамасыз ету.

Тәрбие және әлеуметтік жұмыстар
жөніндегі проректор

Әлеуметтік тәрбие жұмысы және
жастар саясаты қызметінің басшысы

Сапа менеджменті, ішкі аудит және
Стратегиялық жоспарлар жобалық
кеңсесінің басшысы

Тәрбие жұмысы және жастар саясаты
бөлімінің басшысы



Н.Т. Кулданов



Ж.Ж. Ысқақов

А.С. Сарымсақова

А.Б. Мусаева